

2. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Включение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс: Учебное пособие, Алматы, 2014. – 236 с.
3. Corbet J. Inclusive education and school culture [Инклюзивное образование и школьная культура] [Электронный ресурс]: Jenny Corbet // International Journal of Inclusive Education. 1999. Vol. 3, No. 1. P. 53-61. URL: <http://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/136031199285183>
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы.
5. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта. – М.: Просвещение, 2005. – 272 с.

ӘОЖ 372.881

<https://doi.org/10.53355/h5547-4147-6963-o>

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МӘТІН ҚҰРЫП ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

Базарбекова Р.Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: rabiga68@mail.ru

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының мәтін құрып жазуға үйретудің әдістемелік тәсілдері қарастырылды. Оқушының мәтін құрып жаза алуы ең алдымен оның тілдік біліміне және сол игерген білімін тәжірибеде қолдана білу дағдысына байланысты екендігі айтылады.

Оқушыға мәтін құрып үйрету тақырып және оның шекарасын анықтау, мазмұнның негізгі мағыналық бірліктерін таңдау, оның композициясын құру, одан тұтас мәтін құрастыру сияқты бірнеше әрекет жүйесін қамтиды. Мақалада бастауыш сыныпта сөйлемнің арасындағы байланысты оқушыларға қалай үйретуге болатыны түсіндіріледі. Сөйлем арасындағы байланысты табуды үйрететін практикалық тапсырмаларды оқулыққа енгізу ұсынылады.

Тірек сөздер: байланыстырып сөйлеу, мәтін, құрылым, байланыс, әдіс, жазба сөз, тірек сөздер.

В статье рассматриваются методические подходы по обучению учащихся начальных классов составлению текста. В статье подчеркивается, что способность учащегося составить текст зависит, прежде всего, от его языковых навыков и умения применять их на практике. Обучение учащегося составлению текста предполагает несколько систем действий, таких как определение темы и ее границ, выбор основных смысловых единиц содержания, создание композиции текста и составление из него целого текста. Рекомендуется включать в учебник задания, объясняющие на практике связь между предложениями.

Ключевые слова: связанная речь, текст, структура, цепная связь, метод, письменная речь, ключевые слова.

The article discusses methodological approaches to teaching primary school students how to compose a text. The article emphasizes that the student's ability to compose a text depends, first of all, on his language skills and the ability to apply this knowledge in practice. Teaching a student to compose a text involves several systems of actions, such as defining a topic and its boundaries, choosing the main semantic units of content, creating its composition, and composing a whole text from it. It is recommended to include tasks in the textbook that explain the relationship between sentences in practice.

Key words: connected speech, text, structure, chain connection, method, written speech, keywords.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту үрдісінде оқушыларға мәтін туралы жан-жақты теориялық білім бере отырып, мәтін құрастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану олардың өз ойын дұрыс, жүйелі түрде жеткізуге үйретіп, жазбаша сөйлеу біліктері пен дағдыларын қалыптастырады. Оқушының жазу әрекеті жеке әріптердің элементтерін қолдана отырып, графика мен орфографияны меңгеруі арқылы қалыптасса, ал графикалық кодтың көмегімен өз ойларын басқаға жеткізу, құрылған ойды жазба таңбалармен қағазға түсіру оқушылардың жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекеті арқылы іске асады. Әдістемеде «жазбаша сөйлеу» және «жазбаша байланыстырып сөйлеу» деген ұғым жиі кездеседі. Жазбаша сөйлеу – естумен қабылданатын тілдік дыбыстардың, көрумен танылатын әріптер мен адамның тілдік әрекеттерінің күрделі байланысынан тұратын үрдіс.

Орыс-психологы Л.С.Выготский: «Жазбаша сөйлеу – бұл сөйлеу алгебрасы, өйткені ол балаға сөйлеудің ең жоғары абстракты түрі жоспарлы сөйлеуді үйретеді» деп жазады [1,114]. Жазбаша сөйлеудің ойлауды дамытудағы рөлі жайлы А.Р.Лурия [2,33] «ойлаудың жаңа әрі мықты құралы, ауызша сөйлеуге қарағанда ойлануға үлкен мүмкіндіктер туғызатын құрал» дейді. Ал даму теориясының негізін салушы ғалым В.В.Давыдов [3,94] «жазбаша сөйлеу баланың ақыл-ой әрекетінің дамуында ерекше орын алатынын» жазған. В.В.Давыдов «оқу-таным қызметінде оқу материалының тек сыртқы белгілерін ғана санамалап оқыту бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой даму қарқынын төмендетіп, өздігінен білім алу қабілетін қалыптастыруға кедергі келтіретіні» жайлы айтады. Ол баланы «оқытудың абстракті түрінен конкреттік түріне» көшуге болатынын дәлелдеп, оның теориялық ойлауын дамытуға мүмкіндік бар санайды.

Осы пікірлерге сүйене отырып, бастауыш сыныптан бастап мәтіннің мазмұндық құрылымы жайлы теориялық білім берудің негізінде оларға мәтін жазып үйретуге мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Бастауыш сыныпта мәтіннің мағыналық құрылым ерекшелігін таныту, мәтін жайлы теориялық білімді меңгерту мәтіннің байланыстылық, тұтастық және бөлікке бөлінушілік сияқты негізгі белгілерін оқытумен қатар жүргізіледі.

2-4-сыныпта оқушыларға мәтіннің тұтастық белгісін түсіндіру үшін мәтіннің негізгі ойын қамтамасыз ететін мәтін тақырыбы жайлы теориялық білім берілсе, ал мәтіннің бөлінушілік қасиеті мәтінді мағыналық бөліктерге жіктеу арқылы, яғни мәтіннің басы, ортасы, соңы болатыны арқылы түсіндіріледі. Мәтіннің қатысымдық қызметі, мәтін түрлері жайлы түсінік қалыптастыру үшін әртүрлі тақырыпта жазылған мәтінді талдау жұмыстары жасалады. Алайда мәтіннің байланыстылық белгісі оқулықтарда қарастырылмайды. Мәтіндегі ойдың байланысы сөйлемдегі лексикалық және синтаксистік байланыс құралдары арқылы, яғни қайталаулар, есімдіктер т.б арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларға мәтіндегі сөйлемдер байланысының екі түрін, қатарластық және тізбектік байланыс түрлері таныстырылуы қажет деп ойлаймыз. Осы байланыс түрлері арқылы оқушы сөйлемдегі байланыс қызметін атқаратын сөздерді (лексикалық қайталаулар, есімдіктер, синонимдік сөздер) ажыратуға үйренеді. Мағыналы мазмұн түзу үшін сөзді дұрыс таңдау, сөйлемнің синтаксистік құрылымын реттеу, мәтіндегі байланысты қамтамасыз ету негізгі әрекет болып саналды.

Мәтінге қажетті мағыналық мазмұн құру тақырып және оның шекарасын анықтау, мазмұнның негізгі мағыналық бірліктерін таңдау, оның композициясын құру, одан тұтас мәтін құрастыру сияқты бірнеше әрекет жүйесін қамтиды. Мысалы сипаттау мәтінінің құрылымымен таныстыруды алайық. Егер мұғалім сипаттау мәтінінің қандай бөліктен тұратынын айтып, нақты мысалдар арқылы көрсетсе, бұл баланың мәтін бөлігін тауып, оны жүйелі түрде орналастырып, байланыстырып жаза алады деген сөз емес. Бұл жағдайда оқушыға тек білім беріліп отыр. Оқушының мәтін белгілерін саналы ұғынуы «зерттеу» әрекеттері арқылы, яғни оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру арқылы іске асады. Мысалы, берілген мәтіннің сызбасын жасау, басқы бөлігі берілген мәтінді өз ойынан аяқтау, мәтін қатесін түзеп, қайта жазу, ой жүйесі бұзылған мәтінді қалпына келтіру, мәтіндегі ойдың байланысын қамтамасыз етіп тұрған тірек сөздерді табу т.б. осы сияқты алуан түрлі оқу міндетін шешу арқылы оқушы білімді өз бетімен алуға үйренеді.

Мәтіннің алдымен сыртқы белгілерін кең түрде талдаудан өткізеді, ерекшелігін сараптайды, жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға жүру жолын таниды. Осындай кең түрдегі талдау барысында оқушының теориялық білімді түсініп, жазылым дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік ашылады.

Оқу қызметі оқу міндеттерін шешу жолдарына қарай әртүрлі жоспарланған әрекеттен тұрады. Оқу міндеттері талдау жұмыстарынан кейін іштей сөйлеу арқылы, одан соң ақыл-ой әрекеті арқылы шешіледі. Ақыл-ой әрекетінің қалыптасу кезеңдерін зерттеген П.Я.Гальпериннің және Н.Ф.Талызинаның еңбектеріне сүйенетін болсақ, мәтінді құрып айту (жазу) мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Әрекетті жоспарлау
2. Әрекеттің орындалуы
3. Ішкі сөйлеу: а) «өзіне-өзі» айту; б) айтатын, жазатын сөзін анықтау (ойша қысқарту, іштей жоспарлау)
4. Сыртқы сөйлеу кезеңі (сыртқа шығарып айту немесе жазу) [4,152].

Жазылым әрекетінің осындай кезеңдерден өту үдерісін М. Мұқанов «тұзақ принципі» деп атап, оның маңызын ашып көрсетеді. М.Мұқановтың айтуынша, «ой қорытындысының қай-қайсысы да текске айналып тұрып, әуелі үнсіз сөйлеу арқылы сұрыпталып, содан кейін сөйлем ретінде беріледі, айтайын дегенін үнсіз сөйлеу арқылы тексереді» [5,115-116].

«...осыдан кейін мәліметтер текстке жіберіледі, сөйтіп текстер арқылы хабар қайтадан миға жетеді. Бұл айналу процесін «тұзақ принципі» деп атап, оның ойдың дамуына себепші болатынын айтады. Оқушы ең алдымен ойын іштей сөйлеу арқылы құрастырып алады. Жазба сөздің дайындығы адамның өзіне-өзі сөйлеуінен, яғни іштей сөйлеуден басталады. Іштей сөйлеу (үнсіз сөйлеу) оймен тығыз байланысты болады. Іштей сөйлеу дегеніміз – сөйлер алдындағы айтар ойдың мида құрастырылуы.

Әрбір сөздің ішкі мәнісі ойға байланысты. Сөздің ішкі мазмұны тек ауызша немесе жазба сөздің негізінде іске асады. Ойды жазу күрделі психологиялық құрылымға, яғни абстракцияға сүйенетін іштей сөйлеуге негізделеді. Олай болса, іштей сөйлеудің дамуы оқушылардың өз ойынан жазу жұмыстарының дұрыс орындалуына ықпал етері сөзсіз. Өйткені өз ойын жазар алдында оқушы іштей ойланып, пікірін білдіруге сәйкес келетін жеке сөздерді, сөйлемдерді саралап, іштей қайталап айтады да, сосын жазады.

Іштей сөйлеудің ерекшелігі жөнінде Н.И.Жинкин [6,92] былай деп жазған: «...Внутренняя речь не обладает набором стандартных грамматических правил и даже алфавитом лексики. Она не является ни строго дискретной, ни целиком аналоговой. В ней могут появиться ...схемы, наглядные представления, отдельные слова и т.п. Это субъективный язык, которой не осознается говорящим...».

Психологтардың пікірі бойынша, іштей сөйлеудің синтаксисі ауызша және жазбаша сөйлеудің синтаксисінен мүлде өзгеше. Онда бүтін мазмұн бірлігін құруда тіпті бөлек заңдылықтарға сүйенеді. Іштей сөйлеудің дамуы оқушылардың өз ойын жүйелі жазуына ықпал етері даусыз.

Швейцария психологы Ж.Пиаже [7, 35] баланың сөйлеу тілі біреулермен сөйлескен кезде және өзімен-өзі сөйлесуі (эгоцентрическая речь) арқылы дамиды, мұндай сөйлеу түрі қатысымдық қызмет атқармайды деп санаса, совет психологы Л.С.Выготский ойынша, эгоцентрлік сөйлеу баланың әрекетін жоспарлауға көмектеседі, біртіндеп іштей сөйлеуге ауысады деген пікірді айтады [1,114].

Мәтін құрастырып жазатын оқушының санасында сөздер толық бейнеленіп тұрмайды. Ол өзінің сөздік қорынан өзіне таныс сөздерді іріктеп, іштей сөйлейді, іштей жоспарлап, жаза бастайды. Сосын жазғанын тексеріп, іштегі ойымен салыстырады. Егер айтайын дегені ішкі ойымен сәйкес келмесе, қатесін жөндейді. Мұндай кезде М.Мұқановтың [5,115] айтуынша желінің пайдасы көп. Мұның себебі қағазға түскен сөздер арқылы миға көру түйсігі хабар жіберіп, сөйлемнің дұрыс не бұрыс құрастырылғаны

жөнінде «қайта оралу» байланысын қамтамасыз етеді. Қағаз бетіне жазылған мәтіннен адамның көзіне импульстер келеді. Осы импульстер арқылы мәтіндегі жазылғанды көріп, оларды ойдағы бейнелермен салыстырып көруге мүмкіндік алады..

«Ой текст ретінде қағазға түсірілгеннен кейін қалай жазылғаны жөнінде текстен миға хабар» келіп отырады. Текстен миға келіп отырған осындай хабарды кибернетиканың негізін салушы Н.Винер «қайта оралу хабары» деп атаған [5,124].

Адам ойланғанда, сөйлегенде өз сөзінен миға үздіксіз хабар алып отырмаса, онда адам не сөйлеп не қойғанын өзі де білмей қалады. Сөйлеу әрекетіне байланысты қайта оралу хабарының үш түрі кездеседі.

- адам сөйлегенде, оның сөзді дұрыс не бұрыс айтқаны жөнінде бұлшық еттерден (ерін, тіл) оралу хабары келеді;

- сол кезде осы сияқты импульстер құлаққа жетіп, хабар одан оралып миға кетеді;

- айтқан кезде сөзді түсінген, түсінбегені жөнінде сол адам тыңдаушылардан үздіксіз хабар алып отырады [5,37].

Бастауыш сыныпта мәтінді редакциялау, қатені жөндеу, құрылымы бұзылған мәтінді түзеу т.б тапсырмаларды орындайды. Мұндағы мақсат – біреудің сөйлеген сөзіндегі қатені байқауға, оны жөндеуге үйрену арқылы өз сөзін дұрыстауды, ойды жүйелі жазуды меңгерту. Бұл жерде грамматикалық қателер жайында айтылып отырған жоқ, ойды дәл жеткізе алмауға байланысты қателерді жөндеу жайында болып отыр. М.Мұқановтың «текстің ойды түзетудегі рөлін» дәлелдейтін тұжырымы бойынша «шімайқағаз» (черновик) жазу арқылы мәтіннің қатесін жөндеуге, ой қатесін табуға және сол арқылы өз сөзін бақылауға болады.

Оқушы алдымен ойында не бар, соны қағазға жазып шығады да, сол жазғанын басындағы бейнемен салыстырады. Сәйкес келмесе түзетеді. Балаға жазғанын қайта жөндеуге толық мүмкіндік беріледі, өйткені дәптерім бүлініп, шимақталып қалады деген қорқыныш болмайды.

Бұл әдіс арқылы оқушы сөздің мазмұндық құрылымын жөндеп қана қоймай, оның лексикалық мағынасын түсінуге, түзетуге үйренеді. Жазып болған соң оны жөндеу жұмыстары мұғаліммен немесе оқушылардың бірін-бірі тексеруі арқылы жүргізіледі, жаңа қағазға қайта жазылады. Мұнда сабақта уақыт жетпейді деген ойлар тууы мүмкін. Уақытты көп кетірмес үшін мәтін көлемі 3-5 сөйлемнен аспауы тиіс. Мұндағы ең басты мақсат – оқушыға өз ойын байланыстырып жазуға жаттықтыру.

Оқушылардың өз ойын байланыстырып жазуға үйретудің психикалық ерекшелігі жайлы С.Рахметова алдын-ала синтездеу жұмысына ерекше назар аудару қажеттігін айтады. С.Рахметова «жазғалы отырған уақиғаға сай келетін сөздерді таңдап ала білсе, бұл аналитикалық процесс, ал осы сөздерді мәтіннің ішіне енгізуі синтетикалық процесс болып есептеледі. Мәтін құрастыруда анализ – тұтас мәтінді бірнеше бөлімге бөлу, ал синтез – сол бөлімдерді бір-бірімен жалғастыру» деп анализ бен синтездеуге ерекше мән береді [8,145].

Оқушыларды жазбаша мәтін құрауға үйрету жұмысы сөйлемдер байланысын түсіндірумен тығыз байланысты. Сөйлемдер байланысы айтатын ой байланысын қамтиды. «Қазақ тілі» оқыту бағдарламасында да, оқулықта да сөйлемдердің байланысу жолын түсіндіретін жаттығулар қамтылмаған. Ресей оқулықтары мен оқыту бағдарламасында сөйлемдер байланысы жайлы түсінік 2-сыныптан бастап беріледі. Меніңше, 4-сынып оқушыларына мәтіндегі барлық сөйлемдер бір-бірімен байланысты екенін, байланыстың қандай тәсілмен жүзеге асатынын практикалық тұрғыда түсіндіру қажет.

Бастауыш сыныпта «Қазақ тілін» оқыту бағдарламасында, оқулықта «тірек сөздер» жайлы түсінік беріліп, тірек сөзге сүйеніп, мәтін құру тапсырмасы жиі беріледі. Тірек сөздер мәтін мазмұнын құруға көмектесетін тілдік құрал болып табылады. Оқушыға «тірек сөздер» жайлы түсінік беріп, мәтіндегі сөйлемдер байланысы, ойдың жүйесі «тірек» сөздер арқылы жасалатынын түсіндірілуі керек.

Тірек сөздердің ерекшелігі, мәтіндегі барлық сөйлемде кездесіп отырады немесе есімдікпен, синоним сөздермен, бір тұлғалас сөздермен (етістікпен, сын есіммен) алмасып отырады. Бұған мынадай жаттығуларды орындау барысында көз жеткізеді:

Көмек

Көгершін қызыл құмырсқаның суга кетіп, жанталасып жүзіп бара жатқанын көріпті. Оны өлімнен құтқару үшін мойылдың жалпақ жапырағын жұлып алып, құмырсқаның алдына тастапты. Құмырсқа жан дәрмен жапырақтың үстіне шығып, жайғасып, «Уф!» деп демін алыпты. Біраздан кейін жел тұрады. Құмырсқа отырған жапырақ жағаға жақындайды. Шаршап-шалдығып, құмырсқа жағаға шығады.

(С.Сауытбеков. «Көмек», 25-бет)

Оқушыларға «Мәтін не жайлы жазылған? Мәтінде әрбір сөйлемде қайталанып тұрған сөз бар ма?» деп мәтіндегі тірек сөздерді табады.

Мәтіндегі тірек сөз: құмырсқа. Өйткені 1-сөйлемдегі құмырсқаның деген сөз 2-сөйлемде оны деген сөз арқылы құмырсқа туралы айтылған ой жалғастырылады. Бұл сөз бірнеше сөйлемде кездеседі: 1-ші сөйлемде құмырсқаның, 2-ші сөйлемде оны, 3-5-6-шы сөйлемде құмырсқа.

Нәтижесінде оқушылар тірек сөздерді дұрыс қолдану арқылы сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, мәтін құрып жазуға үйренеді.

Оқушыларға тізбектік байланысты үйрету үшін сөйлемдердің ішінен тірек сөздерді, яғни байланыс жасауға көмектесіп тұрған сөздердің асты сызылып беріледі (немесе қара маркировкамен беріледі). Мұғалімнің басшылығымен талдау барысында: тізбектік байланыс – бұл мәтіндегі сөйлемдер байланысының бір түрі. «Әрбір келесі сөйлем алдыңғы сөйлеммен «тізбек» жасап байланысады. Тізбектік байланыста бір сөз келесі сөйлемде қайталады немесе мағынасы жақын сөзбен алмастырылады. Тізбектік байланыс есімдіктер арқылы, синоним сөздер арқылы, бір сөздің қайталануы арқылы жасалады деген түсінік беріледі.

Мәтіндегі сөйлемдер байланысын анықтау жолын түсіндіру үшін Т.Ізбасаровтың «Қызыл қасқыр» әңгімелер жинағынан үзінді алынды.

Қызыл қасқыр

«Бөрі не жесе соны құсады» деген емес пе атаң қазақ. Бөлтіріктері аң аулауға жарап, ауыздангана, сырттан жеген етін соларға құсып береді.

Қасқырдың сырттаны екі-үштен артық бөлтіріктемейді.

Көкжалдың тағы бір қызығы бар. Қалың шөп ішінде өсетін «алмасқайыр» деген у шөп болатын көрінеді. Сол шөпті жеген аң болсын, мал болсын, табан астында тыпырлап, уланып өледі екен. Ал, сол у шөпті қасқыр мен ит дала кезіп жүріп тауып, ашырқанып, құмартып жейді екен.

(Т.Ізбасаров «Қызыл қасқыр» жинағы, 19-20-бет).

Мәтіннің 1-сөйлемінде не жайлы айтылатыны (қасқыр туралы) яғни мәтін тақырыбы көрінеді, мұны «тақырыптық сөйлем» дейміз деп бастауыш сыныптан бастап үйрету қажет. Ары қарай 2-сөйлемдегі сырттан сөзі 1-ші сөйлемдегі бөрі деген сөз арқылы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі сырттан сөзін қайталау арқылы, 4-сөйлемде қасқыр деген сөз көкжал деген синоним сөз арқылы мәтіндегі сөйлемдер арасында байланыс жасалып тұр. Екінші абзацта 5-сөйлемде айтылған у шөп туралы ой 6 және 7-сөйлемде ары қарай өрбиді. Ойдың дамуы у шөп, сол шөпті, сол у шөпті деген лексикалық қайталаулар (бір сөздің қайталануы) арқылы жасалатыны түсіндірілді.

Бұл жерде мәтінді талдау барысында 1-ден, әрбір сөйлемдегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуге мүмкіндік ашылады. 2-ден, оқушының сөздік қоры синоним сөздер арқылы көбейеді. Мысалы, «қасқыр-бөрі-сырттан-көкжал» деген сөздермен толығады. Сөйлемдегі байланыс есімдіктер арқылы, синоним сөздер арқылы, лексикалық қайталаулар арқылы жасалғанын аңғартуға болады. Мәтіндегі байланыстың осы белгілеріне қарап, мұны тізбектік байланысқа жатқызамыз деген ой қорытындысын жасайды [9,16].

Қорытынды келе, мәтіннің мазмұндық құрылымы жайлы теориялық білім берудің негізінде оқушыға мәтін құрып үйретуге болады деп ойлаймыз. Мәтіннің мағыналық құрылым ерекшелігін таныту, мәтін жайлы теориялық және тәжірибелік білімді меңгерту мәтіннің

байланыстылық, тұтастық және бөлікке бөлінушілік сияқты негізгі белгілерін оқытумен қатар жүргізіледі. Мәтін тұтастығын үйрету үшін мәтіннің негізгі ойын қамтамасыз ететін мәтін тақырыбын қою, оны анықтау тапсырмалары берілсе, мәтіннің бөлінушілік қасиетін таныстыру үшін оны бөліктерге жіктеуді, басы, ортасы, соңын табуды үйренеді. Алайда мәтіннің байланыстылық қасиеті түсіндірілмейді. Тілдің лексикалық және синтаксистік байланыс құралдары арқылы, яғни қайталаулар, есімдіктер т.б арқылы жүзеге асырылатынын білетін болса, онда эссе, шығарма жазу кезінде ойын жүйелеп жазуға қалыптасады.

Бұл жерде оқушы өз ойын байланыстырып жазуға үйренуі үшін мәтіннің тек сыртқы ерекшеліктерін, белгілерін анықтап қана қоймай, мәтінге тән байланыстылық, жүйелілік белгілерін, яғни сөйлемдер арасындағы байланыс (тізбектік байланыс) түрлерін үйрету керек. Сөйлемдер байланысын қамтамасыз ететін тілдік құралдар мен тірек сөздердің қызметін практикалық бағытта оқытуды қарастырып, осындай жаттығуларды оқулыққа енгізуді ұсынынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Выготский Л.С. Проблемы развития психологии // Собр. соч.: в 6 т. – М.: 1982. Т 2. - 226 с. Мұқанов.М.М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1962. - 171 б.
2. Лурия А.Р. Развитие речи и формирование психологических процессов у ребенка. – М.: АПН РСФСР, 1956. - 94 с.
3. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования.– М.: Педагогика, 1986. -240 с.
4. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности младших школьников: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 175 с.
5. Мұқанов.М.М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1962. - 171 б.
6. Пиаже Ж. Избранные психологические труды: Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. – М: Просвещение, 1969. - 659 с.
7. Жинкин Н.И. Речь как проводник информации – М.: Наука, 1982. - 158 с.
8. Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы, – Алматы: Қаз ҰПУ, 2007. - 184 б.
9. Базарбекова Р.Ж. «Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесі» (п.ғ.к. автореферат) Алматы, 2008. <https://kk.convdocs.org/docs/index-314908.html>

ӘОЖ 37.015

<https://doi.org/10.53355/p3535-5171-5677-p>

НАШАР ЕСТИТІН КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Байдильдинов Т.Ж.¹, Бағышбек А.Б.²

¹п.ғ.к., аға оқытушы, Педагогика және психология институты «Арнайы білім беру» кафедрасы

²«7М01901 – «Арнайы педагогика кадрларын дайындау» мамандығының 2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

E-mail: ¹t_baidildinov2020@mail.ru, ²arai.bagyshbek@mail.ru

Бұл мақалада нашар еститін кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық ойлауын арт-терапия арқылы дамыту мәселесі қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты – соңғы жылдары дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларға арналған арнайы білім беру мекемелеріндегі түзете-дамыту процесіне көбірек енгізіліп, оң нәтижелер беріп жатқан